

**«Jüregimniñ jeñimprazu»
қайырымдылық жүгіру-фестивалін өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жүгіру-фестивалін өткізу мақсаты

«Jüregimniñ jeñimprazu» (бұдан әрі – Жүгіру-фестиваль) – трансплантацияны Күту парағында тұрған адамдарды қолдауға бағытталған «Heart Center Foundation» қоғамдық қорының қайырымдылық жобасы. Іс-шара трансплантология мәселелеріне қоғам назарын аударуға, донорлықтың маңыздылығы туралы ақпараттандыру деңгейін арттыруға, өмірлік маңызы бар операцияны күтіп отырған адамдарға моральдық қолдау көрсетуге бағытталған.

Қайырымдылық жүгіру-фестивалі халық арасында жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу, қоғамда жүрек ауруларының алдын алудың маңыздылығы туралы түсінікті арттыру мақсатында өткізіледі. Осыған байланысты Жүгіру барысында уақытты өлшейтін чиптер пайдаланылмайды.

-

2. Жүгіруді ұйымдастырушы

Қайырымдылық жүгірудің ұйымдастырушысы – денсаулық сақтау саласында жобаларды іске асыратын Қазақстандағы алғашқы эндаумент-қор – «Heart Center Foundation» қоғамдық қоры. Қор кардиология, кардиохирургия және трансплантологияны ұзақ мерзімді дамытуға ықпал ететін жобаларды жүзеге асырады және қолдайды.

Қордың миссиясы.

Біз ғылымды, білім мен ағартушылықты біріктіру арқылы Қазақстанда кардиохирургияны, кардиологияны және трансплантологияны дамытуға ықпал етеміз.

3. Өткізу күні

2026 жылғы 9 тамыз, сағат 06:00-ден 16:00-ге дейін.

4. Өткізу орны

Жүгіру-фестиваль Қазақстан Республикасы, Астана қаласында өтеді.

Қатысушыларды жинау орны және қашықтықтардың басталуы: «Нұр Әлем» павильон-мұражайының алдындағы алаң.

Қашықтықтар: 1, 3 және 10 км.

Бағыттардың толық сызбасы Қордың hcf.kz сайтында жарияланған.

5. Кәмелетке толмаған қатысушылар

18 (он сегіз) жасқа толмаған тұлғалардың қатысуы ата-анасының, заңды өкілінің немесе уәкілетті еріп жүруші адамның келісімімен ғана жүзеге асырылады. Қатысушыны тіркеу арқылы көрсетілген тұлғалар оның қатысуына келісім береді және оның өмірі, денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін, сондай-ақ іс-шара ережелерін сақтау үшін толық жауапкершілік алады.

Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттер шеңберінен тыс кәмелетке толмаған қатысушылар үшін жауапкершілік алмайды және оларды бақылау функцияларын жүзеге асырмайды. Кәмелетке толмаған қатысушының

тәртібі, денсаулығы және орналасқан жері үшін толық жауапкершілік ата-аналарға немесе еріп жүруші тұлғаларға жүктеледі.

6. Қатысушыларды тіркеу

6.1. Қатысушыларды тіркеу [hcf.kz сайтында](http://hcf.kz) **2026 жылғы 01 мамырдан бастап 9 тамызға** дейін немесе 5000 (бес мың) қатысушы санына жеткенге дейін жүргізіледі.

6.2. Қатысу жарнасы келесі мөлшерді құрайды:

- 1 км қашықтыққа қатысушылар үшін – 9 000 (тоғыз мың) теңге;
- 3 км қашықтыққа қатысушылар үшін – 12 000 (он екі мың) теңге;
- 10 км қашықтыққа қатысушылар үшін – 15 000 (он бес мың) теңге;

6.3. Қатысушыны тіркеу Ереженің тиісті тармағына сәйкес қатысу жарнасы төленгеннен кейін ғана сәтті аяқталған болып есептеледі.

7. Жүгіруге қатысуға жіберу

Жүгіруге қатысуға жіберілу үшін қатысушы денсаулық туралы қолхат толтырып, старттық жиынтықпен бірге берілетін арнайы қатысушы білезігін алуы қажет.

8. Старттық жиынтық

8.1. Старттық жиынтық 2026 жылғы **06-08 тамыз аралығында сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін** Астана қаласы, Тұран даңғылы 38 мекенжайындағы УМС «Жүрек орталығы» ғимаратында беріледі.

8.2. 18 жастан асқан қатысушыларға старттық жиынтық тек келесі құжаттар ұсынылған жағдайда ғана беріледі:

- Жеке куәлік немесе төлқұжат
- Денсаулық туралы қолхат
- Қатысу жарнасының төленгенін растайтын түбіртек (Ұйымдастырушы тарапы старттық жиынтықты беру кезінде тексереді).

Құжаттар баспа түрінде ұсынылуы тиіс.

8.3. Қатысушыларға старттық жиынтық тек келесі құжаттар ұсынылған жағдайда ғана беріледі:

- жеке куәлік, төлқұжат және/немесе баланың туу туралы куәлігі;
- ата-анадан немесе қорғаншыдан Жүгіруге қатысуға рұқсат және денсаулығы туралы қолхат;
- Жүгіруге қатысу жарнасының төленгенін растайтын түбіртек (Ұйымдастырушы тарапы старттық жиынтықты беру кезінде тексереді).

Денсаулық туралы қолхатты басып шығару қажет емес, барлық қажетті құжаттар старттық жиынтықты беру кезінде ұсынылады.

8.4. Старттық жиынтықты қатысушының өзі немесе басқа адам жоғарыда көрсетілген құжаттарды және өзінің жеке куәлігінің/төлқұжатының көшірмесін ұсыну арқылы ала алады. Айта кетерлігі, старттық жиынтықты басқа адам алған кезде қатысушы оны тиісті күйде алмаса және соның салдарынан Жүгіруге қатысуға жіберілмесе, Ұйымдастырушы жауапкершілік көтермейді.

8.5. Егер қатысушы қандай да бір себеппен старттық жиынтықты алмаса, онда ол 7-тармаққа сәйкес Жүгіруге қатысуға жіберілмейді.

9. Естелік медаль және алғыс хат

Әрбір қатысушы жүгіру-фестиваль қашықтығын аяқтағаннан кейін естелік медаль алады, сондай-ақ бірнеше күн ішінде оның электрондық поштасына алғыс хат жіберіледі (егер хат келмеген жағдайда, әкімшілікпен байланысу қажет).

10. Жүгіруге қатысу ережелері

10.1. Қатысушыларға тыйым салынады:

- кез келген механикалық құралдарды (велосипедтер, самокаттар, мотоциклдер, скутерлер және электрлі немесе басқа қозғалтқышы бар көлік түрлері) пайдалануға;
- алкогольдік немесе есірткілік мас күйде қатысуға;
- қашықтықта қатысушылардың қозғалысына кедергі келтіруге;
- жарыс ұйымдастырушыларына кедергі жасауға;
- трассада тоқтауға;
- Жүгірудің негізгі регламентінен ауытқуға, яғни: ресми стартқа дейін бастау, старт аймағы жабылғаннан кейін бастау, старт аймағынан тыс жерден бастау.

Ұйымдастырушы қатысу ережелерін бұзғаны үшін қатысушыны жарыстан шеттетуге құқығын өзіне қалдырады.

Қатысушы қатысу ережелерін өзі және/немесе оның отбасы мүшелері бұзған жағдайда туындауы мүмкін барлық салдар үшін (денсаулыққа, мүлікке келтірілген зиян, қоғамдық тәртіптің бұзылуы) толық жауапкершілікті өз мойнына алатынын растайды.

10.2. Ұйымдастырушы қатысушылардың жеке заттарының сақталуына жауап бермейді. Сақтау камералары қызметін мердігер ұйым көрсетеді және тапсырылған заттардың сақталуына сол ұйым жауап береді.

11. Форс-мажор

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, ұйымдары немесе қызметтері тарапынан, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары тарапынан Жүгіруді өткізуге ресми тыйым салынған жағдайда, Жүгіру жағдайға байланысты кейінгі мерзімге ауыстырылады немесе тоқтатылады. Ресми тыйым салынған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Жүгіруді ұйымдастырушы тарапынан одан арғы әрекеттер жарияланады.

12. БАҚ аккредитациясы

БАҚ аккредитациясы алдын ала жүргізіледі. Жүгіру-фестивальге аккредитация алу үшін pr@hcf.kz электрондық поштасына келесі мәліметтерді жіберу қажет:

- БАҚ атауы;
- тілші, оператор, фотографтың аты-жөні;
- байланыс телефоны;
- e-mail.

13. Қорытынды ережелер

Ұйымдастырушы Жүгіру-фестивальді өткізу туралы осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.